

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы

1- ХАТТАМАСЫ

Өтетін күні: « 16 » қыркүйек 20 24ж.

Өтетін орны: мектеп

Комиссия төрағасы: Мектеп директорының м.а Канапин Д.А

Комиссия хатшысы: Смаилова Л.К

Қатысқандар: 20 ата ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата аналарды қолдау орталығының ашылу бойынша.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Бүгінгі шара бойынша мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Осы орайда Мектебімізде ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы кабинеті ашылып, ата аналар шақырылып түсінік жұмыстары жүргізілді. Алда өткізілетін шаралармен таныстырылды.

ШЕШІЛДІ: ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жұмыстар жандандырылсын.

